

«Қаралды»

Педагогикалық кеңесте

№1 хаттама

29.08.2024 ж

«Бекітілді»

«Балдәурен» МДҮ

басшы м.у.а:  Ж.К.Мырзабек

29.08.2024 ж



«Күншуақ» ортаңғы тобының музыкадан перспективалық жоспары

2024-2025 оқу жылы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 –2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша) «Балдәурен» МДҰ

Топ «Күншуақ» ортаңғы тобы

Балалардың жасы 3 жастан бастап

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка аптасына 1 сағат 1 айда 4 рет	- Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; - Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу. - Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету. - Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; - Балаларды музыкалық аспап қоңыраумен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. - Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Қазан	Музыка аптасына 1 сағат 1 айда 4 рет	- Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; - Аспаптардың, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуды үйрету; ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдауды дамыту. - Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуды жетілдіру. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету. - Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; - Балаларды музыкалық аспап сылдырмақпен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. - Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
-------	---	--

Қараша	Музыка аптасына 1 сағат 1 айда 4 рет	- Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. - Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре(ми)—ля(си)диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды үйрету. - Музыкамен жүрумен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. - Музыканың басталуымен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау дағдысын дамыту. - Балаларды музыкалық аспап сыбызғымен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. - Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
---------------	---	--

Желтоқсан	Музыка аптасына 1 сағат 1 айда 4 рет	- Музыкалық ойыншықтармен балалар музыка аспаптарының (музыкалықбалға,сылдырмақ,барабан,металлофон) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. - Сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді,сөзіп,ойнақы айту). - Музыканың басталуымен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтауды пысықтау. - Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен жәнебір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқынымен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындауды меңгерту. - Музыкалық аспап металлофонмен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. - Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
-----------	---	--

Қаңтар	Музыка аптасына 1 сағат 1 айда 4 рет	- Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (маракас,асатаяқ,тұяқ,сырнай)дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. - Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре(ми)—ля(си)диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізуді(көңілді, созып, ойнақы айту) үйрету. - Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқынымен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындауды. - Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді,құстар ұшады. - Балаларды музыкалық аспап маракаспен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. - Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
Ақпан	Музыка аптасына 1 сағат 1 айда 4 рет	- Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. - Аспаптың сүйемелдеуіне ілесе отырып ән айтуды үйрету. - Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. - Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. - Балаларды музыкалық аспап барабанмен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. - Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Наурыз	Музыка аптасына 1 сағат 1 айда 4 рет	- Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы естес ақтау. - Әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. - Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.
Сәуір	Музыка аптасына 1 сағат 1 айда 4 рет	- Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. - Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. - Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. - Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. - Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанды ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Мамыр	Музыка аптасына 1 сағат 1 айда 4 рет	- Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы(ақырын-қатты), қарқыны(жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды,көңілді)байқауға үйрету. - Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтауын пысықтау - Музыканың басталуымен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындауды, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтауды меңгерту. - Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындауды, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау дағдыларын жетілдіру. - Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанды ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруін пысықтау.
-------	---	---